


*Тақырыбы:  
Жылқы – малдың патшасы*



**Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ**

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ

Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.

Ауызомыртқа шығыңқы, майда жалды,

Ой желке, үңірейген болса сағақ.



“Жылқы – малдың патшасы, түйе-малдың қасқасы” деген мақал қазақта тегін айтылмаған. Қазақ жылқы пірін Қамбар ата деп атаған. Қазақтың көшпелі тұрмысында жылқының орны ерекше.

Қазақ халқы үшін төрт түліктің осалы жоқ. Дегенмен жылқы мен түйенің адам үшін атқаратын қызметі өте жоғары бағаланатын. Мереке-қуанышта, қайғы қасіретте, басқа түскен не ауыр күндерде бұл түліктер адамның жан серігі, айырылмас досы болған.



Елтаңбадағы ең маңызды әрі басты деталь – бұл пырақ. Көшпенді философиясында үлкен мәнге ие бұл мифологиялық бейне символикалық жүк арқалап тұр. Грек аңыздарындағы Парнас пен шабыттың пірі Пегас пырақтары және Қазақ ертегілеріндегі қанатты тұлпар үлкен мәнге ие. Мысалы, "Керқұла атты Кендебай ертегісінде" батырды көзің ашып-жұмғанша үлкен дарияның ортасына алып келеуі - қанатты тұлпар бейнесіне меңзейді. "Ер Төстік" ертегісінде де Төстіктің Шалқұйрық аты "жаяуында қанат, жалғызында жолдас, сасқанында ақылшысы" болады. Елтаңба композициясындағы пырақ ай мүйізді, алтын қанатты қос пырақ бейнесі.



## Атбегілердің ауа-райын болжау тәсілі

Жүйріктің терін алу үшін атбегілер ауа-райын болжап, білуі өте қажет. Өйткені, жүйріктің терін алу барысында кейде жауын-шашынды, кейде ыстық күндер қажет болады. Ерте уақытта қазіргідей ауа райын дәл болжайтын мүмкіндік болмағандықтан атбегілер өзінің айналасында болып жатқан табиғи және тұрмыстық құбылыстарға қарап келер күннің райын анықтайтын болған.

## Мысалы:

1. Сиыр малы таңертең өріске шығарда мөңіреп кетпей кешіксе;
2. Сиырлар бұзау байлаған желінің маңынан ұзамай сүзіссе;
3. Жылқы малы дүркін-дүркін пысқыра берсе;
4. Бота-тайлақ ойнақтаса;
5. Түйе жыра-жылғаны паналап шөгіп жатса;
6. Инген ботасынан ұзамай боздай берсе;
7. Қорадағы қой-ешкі таңертең желге қарсы қарап жатса;



- 
- A decorative graphic on the left side of the slide, featuring a dark red arrow pointing right at the top, and several thin, curved lines in shades of brown and grey extending downwards from the arrow's base.
8. Дала тышқаны інінің аузына көп топырақ үйсе;
  9. Бал арасы омартадан алыс кетпей айналсоқтап ұшса;
  10. Мысық босағаны тырналап мазаланса;
  11. Тауық биікке қонақтаса;
  12. Қаз-үйректер қиқулап мазасызданса;
  13. Шаян судан шығып жағада ұзақ жатса;
  14. Жауынқұрты жердің бетіне ашық шықса,  
Ауарайы жауынды-шашынды болатынын білдіреді.

- 
- Жылқы төрт-түліктің бірі.
  - Жылқы иесі Қамбар ата.
  - Қазақ халқында жылқыны құрметтеп, қасиеттеп жоғары бағалаған.
  - Жылқы баласы сүйкімді, әрі жүйрік болып келеді.
  - Жылқы сымбатты жануар. Мойнынан түскен жалыны жібектей сусылдайды.
  - Сирақтары ұзын, көздері ботадай әдемі.
  - Жылқының дене бітімі көздің жауын алады.
  - Сондай-ақ жылқылар бізді қауіптерден қорғайды.
  - Бұрындары ата-бабамыз жылан жоламасын деп қастарына жылқы байлап жатқан. Терісінің иісіне жылан жоламайды және түрлі бұйымдар жасайды.
  - Сонымен бірге ат үстінде көп жүрген адам буын ауруына шалдықпайды екен.

- 
- Тақ тұяқты.
  - Сүтқоректі.
  - Күйіс қайырмайды.
  - Өті жоқ.
  - Жеті қазынананьң бірі.
  - Ер қанаты.
  - Дене бітімі шымыр, қатаң ауа райына төзімді. Жыл бойы жайылымда, жемшөп талғамайды, тез қонданады, салт мінуге ыңғайлы.
  - Жылқы – киелі көк пырақ. Еліміздің Елтаңбасындағы Қос Тұлпар - осы киелі пырақтар.
  - Түріне, күтімі және өсу айналасына байланысты қазіргі үй жылқысы орташада 25-30 жыл жасайды.
  -

## Жылқының пайдасы туралы не білеміз?

Соның ішінде қымыздың пайдасы туралы айтсақ, қымыз – пайдалы сусын. Қымыз - қазақтың көнеден келе жатқан шипалы сусыны. Бие сүтінен жасалатын бұл сусын көшпелі халықтардың ежелден келе жатқан дәстүрлі тағамы, қадірлі асы. Кең сахара, жапан түзді жайлаған көшпелі елдің басты күнкөрісі жылқы малы - халықтың іше қымызы, жесе еті, кісе киімі болып келді. Орыс ғылымдары Г. Захарин мен С. Боткин тәптіштеп зерттей келе «Қымыз - адам денсаулығын күшейтіп ауруды бәсендететін тағам» деген қорытынды жасаған болатын.



Қымыздың құрамында аурудың тәбетін ашатын В2, В12, Р, С дәрумендері көп.

- Науқастанған адамға қымыз ішкізсе, оның организмінде гемоглобин, эритроцит көбейіп, холестерин құрамы қалпына келеді. Қатты суық тиіп, белінен шойырылған адамды жылқының терісіне ораған. Немесе оның тезегімен, көңімен де емделген. Жаздыкүні науқастың басынан өзге денесін түгел жылқының көңіне көміп тастайды. Қызған көңнің ішінде науқас 1, 5 - 2, 5 сағатқа дейін жатуы керек. Сонда ол денедегі барлық суықты тартып алатын көрінеді. Жылқы қылының беріктілігімен қоса, емдік қасиеті де бар екен. Қылды жағып, күлін аузы уылған баланың ауызына, адамның күйген жеріне сепсе, күйіктің орыны тез жазылады.



Денеге қотыр шықса, жаңа сауған биенің сүтіне шомылу керек. Қотырды кетіргенімен қоса, теріні жақсы қоректендіреді. Ал шаш түсе бастаса, қымызбен жуса пайдалы.

Аттың жүрек майын қыздырып, асқазан қыжылына ішкен. Онымен қоса, өкпесі ауырған адам ол майды шикілей жеген.

Жарықты /грыжа/ қатты қыздырылған жылқы майын жағып емдеген. Сондай - ақ үсіген адамның дене мүшелеріне жылқы майын /қыздырылмаған/ жақса, тез жазылады екен.

Жылқының сүйегі адамдікінен 18-ге артық.

## Жылқы жасын білеміз бе?

Жылқы жасы 1. Құлын - жылқы төлі

□ 2. Жабағы - 1 жылға дейінгі төл

□ 3. Тай - 2 жастағы жылқы

□ 4. Құнан - 3 жастағы жылқы. Байтал - 4жастағы ұрғашысы

□ 5. Дөнен - 4 жастағы еркегі

□ 6. Бесті - 5 жасар еркек жылқы. Ат - кестірілген, мініс ат 7.  
Айғыр - аталық жылқы. Сәурік - жас айғыр.

□ 8. Бие - аналық жылқы. а) мама бие - көп құлындаған жуас бие ә) қулық - алғаш құлындаған бие.

## **Жылқының ерекше бір қасиеті:**

- *Жылқы малы өте киелі жануар кез келген шөпті жемейді. Иіскеп таңдап жейді. Басқа малдың аяғы тиген немесе аузы тиген шөпке жылқы жоламайды. Лай су ішпейді, суатты кешіп тереңінен, тұнығынан ішеді. Алдымен дәмін татып көріп, сонан соң аузын шайып, содан соң ішеді.*




# Жылқының ер – тұрмандары туралы не білеміз?






ПОДКОВЫ



1) Общепринятая форма подковы





**Жылқыға байланысты  
ұлттық ойындар:**



# Қыз қуу



Kari Kuanyshbek (RFE/RL)

# Теңге алу.



# Бэйге.



# Аударыспақ.



# Көкпар



- 
- ЖЫЛҚЫ – малдың патшасы,  
Мал өсірсең, жылқы өсір,
  - Табысы оның көл-көсір.